

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Дағдарысқа қарсы қорын құру туралы шартқа қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 9 маусымдағы N 819 Жарлығы
Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Дағдарысқа қарсы қорын құру туралы шарттың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кәрім Қажымқанұлы Мәсімов Қазақстан Республикасы атынан, принциптік сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат беріле отырып, Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Дағдарысқа қарсы қорын құру туралы шартқа қол қойсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Н. Назарбаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2009 жылғы 9 маусымдағы
N 819 Жарлығымен
МАҚҰЛДАНҒАН

Еуразиялық тұрақтандыру және даму қорын құру туралы ШАРТТЫҢ ЖОБАСЫ

Ескерту. Ереженің атауындағы және мәтіні бойынша «Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Дағдарысқа қарсы қоры» деген сөздер тиіс септікте «Еуразиялық тұрақтандыру және даму қоры» деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Президентінің 06.04.2015 № 1032 Жарлығымен.

Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Армения Республикасы (бұдан әрі - құрылтайшы мемлекеттер),

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің (мемлекеттер басшылары деңгейіндегі) 2009 жылғы 4 ақпандағы N 415 шешімін б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ,
мына төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Құрылтайшы мемлекеттер Еуразиялық тұрақтандыру және даму қорын (бұдан әрі - Қор) ұлттық экономикалардың әлемдік қаржылық және экономикалық дағдарыстың келеңсіз салдарларын жеңу, олардың экономикалық және қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ Қорға қатысушы мемлекеттер экономикаларының интеграциясын одан әрі тереңдетуге жәрдемдесу мақсатында құрады.

Қордың қаражатын қалыптастыру, орналастыру және беру, Қордың қаражатын басқару, Қорға қатысушылар құрамынан шығу және Қордың операцияларын тоқтату тәртібі, сондай-ақ Қордың мәртебесі, осы Шартқа қосымша болып табылатын Қор туралы ережеде айқындалады.

2-бап

Қ о р д ы ң қ а р а ж а т ы :

- әлемдік қаржылық және экономикалық дағдарыстың келеңсіз салдарларын еңсеру мақсатында Қорға қатысушы мемлекеттерге егемен қарыздар беру;
- Қорға қатысушы мемлекеттерге кіріс деңгейі төмен тұрақтандыру кредиттерін беру ;
- мемлекетаралық инвестициялық жобаларды қаржыландыру;
- әлеуметтік салалардағы мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыру үшін кіріс деңгейі төмен Қорға қатысушы мемлекеттерге гранттар беру үшін пайдаланылады.

Қордың қаражаты әлеуметтік салалардағы мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыру үшін Қордың таза үлесі есебінен гранттар беруді қоспағанда, ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шартымен беріледі.

Қордың құрылу мақсатына қол жеткізу үшін қажетті дәрежеде және осы Шарттың ережелері мен Қор туралы ережені ескере отырып, Қордың қаражаты қандай да бір шектеулерден, нұсқамалар мен мораторийлерден босатылады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 06.04.2015 № 1032 Жарлығымен.

3-бап

Құрылтайшы мемлекеттердің Қорға бастапқы жарналары мыналарды құрайды:

- Беларусь Республикасы - _____ АҚШ долларына балама,
- Қазақстан Республикасы - 1 млрд. АҚШ долларына балама,
- Қырғыз Республикасы - 1 млн. АҚШ долларына балама,
- Ресей Федерациясы - 7,5 млрд. АҚШ долларына балама,

Тәжікстан Республикасы - 1 млн. АҚШ долларына балама,
Армения Республикасы - 1 млн. АҚШ долларына балама.

Қорға бастапқы жарналарды құрылтайшы мемлекеттер осы Шарт пен осы Шарттың 4-бабында айтылған Қордың қаражатын басқару туралы келісім күшіне енген күнінен бастап 6 (алты) ай ішінде мынадай тәртіппен төлейді:

жоғарыда көрсетілген соманың 10 % (он процентін) Қор туралы ережеде айқындалған тәртіпке сәйкес әрбір құрылтайшы мемлекет АҚШ долларымен және/немесе еуромен төлейді;

қалған 90 % (тоқсан процентін) әрбір құрылтайшы мемлекет өтелуі Қор туралы ережеде айқындалған тәртіпке сәйкес жүзеге асырылатын қарапайым, айналмайтын және процентсіз вексель шығару арқылы төлейді.

4-бап

Қордың қаражатын басқаруды Қор туралы ережеде көзделген тәртіппен Қорға қатысушы мемлекеттердің қаржы министрлері мен Қорға қатысушы халықаралық ұйымдардың өкілдері мүшелері болып табылатын Қор Кеңесі Қордың қаражатын басқарушымен бірге жүзеге асырады.

Құрылтайшы мемлекеттер мен Еуразия даму банкі (бұдан әрі - Банк) арасында жасалатын Қордың қаражатын басқару туралы келісімнің негізінде Қордың қаражатын басқарушының функцияларын орындау Банкке жүктеледі.

Қордың қаражатын басқарушыны ауыстыруды Қор Кеңесінің ұсынысы негізінде Қорға қатысушылар жүзеге асыруы мүмкін.

5-бап

Осы Шарт басқа мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың Қор туралы ережеде көзделген талаптар мен рәсімдерді орындаған кезде олардың қосылуы үшін ашық.

Осы Шарт оған қосылатын мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар үшін Депозитарий болып табылатын Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігі осы Шартқа қосылу туралы құжатты алған күннен бастап күшіне енеді.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 06.04.2015 № 1032 Жарлығымен.

6-бап

Осы Шартқа өзгерістер Қорға қатысушылардың келісуі бойынша енгізіледі және жеке хаттамалармен ресімделеді, олар Депозитарий Қорға қатысушылардың олардың күшіне енуі үшін қажетті ішкі рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күшіне енеді.

Өзгерістер енгізу туралы хаттамалар күшіне енгеннен кейін осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 06.04.2015 № 1032 Жарлығымен.

7-бап

Осы Шартқа ескертулер енгізуге жол берілмейді.

Осы Шартты қолдануға және түсіндіруге қатысты даулар Қор туралы ережеде көзделген тәртіпке сәйкес реттеледі.

8-бап

Осы Шарт Депозитарий құрылтайшы мемлекеттер олардың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күшіне енеді.

Қорға кез келген қатысушы шығуынан кемінде 12 (он екі) ай бұрын өзінің осы Шарттан шығу ниеті туралы Қор Кеңесін жазбаша хабардар ете отырып, Қор туралы ережеге сәйкес өзінің Қор операцияларына қатысуын тоқтатуға құқығы бар.

Мәскеу қаласында 2009 жылғы _____ бір түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды, расталған көшірмелерін Тараптардың әрқайсысына Депозитарий таратады.

<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Қырғыз</i>
<i>Республикасы үшін</i>	<i>Республикасы үшін</i>	<i>Республикасы үшін</i>
<i>Ресей</i>	<i>Тәжікстан</i>	<i>Армения</i>
<i>Федерациясы үшін</i>	<i>Республикасы үшін</i>	<i>Республикасы үшін</i>

Жоба

Еуразиялық тұрақтандыру және даму қорын құру туралы шартқа қосымша

Еуразиялық тұрақтандыру және даму қоры туралы ЕРЕЖЕ

Осы Ереже 2009 жылы _____ қол қойылған Еуразиялық тұрақтандыру және даму қорын құру туралы шарттың (бұдан әрі - Қор құру туралы шарт) ажырамас бөлігі болып табылады.

I бөлім

Қор

1-бап

Қордың мәртебесі

1. Қор құру туралы шартта белгіленген мақсатта Қор қаржы ресурстарын тарту, шоғырландыру және пайдалану құралы болып табылады.

Қор заңды тұлға немесе ұйым болып табылмайды. Қорға қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамаларының ұйымдарды құру, қызметін лицензиялау, реттеу мен тоқтату тәртібін белгілейтін ережелері өзінің әрекетін Қордың шеңберінде жүзеге асыратын қызметке қолданылмайды.

2. Қордың қаражаты Қорға қатысушыларға тиесілі.

Қорға қатысушылар Қордың қаражатындағы Қатысушының үлесі шегінде Қордың қаражаты есебінен жүзеге асырылатын қызметке байланысты тәуекелдерді көтереді.

3. Қорға қатысушылардың Қордың қаражатындағы өзіне тиесілі үлесті алып қоюға құқығы жоқ. Қордың қаражатындағы Қорға қатысушының үлесі ол Қорға қатысушылардың құрамынан шыққан немесе осы Ережеде айқындалған тәртіппен Қордың операциялары тоқтаған жағдайда осындай қатысушыға төлеуге жатады.

Қорға қатысушының Қордың қаражатындағы үлесі осы Ереженің 20 және 22-баптарына сәйкес Қордың Кеңесі белгілейтін тәртіппен айқындалады.

4. Қорға қатысушылардың Қордың қаражаты есебінен Қордың операцияларына жатпайтын міндеттемелерін орындауға жол берілмейді.

Қордың қаражаты үшінші тұлғалардың талаптары бойынша Қорға қатысушылардың Қордың операцияларына қатысы жоқ міндеттемелерін орындау есебіне мәжбүрлі тәртіппен алынып қоюына жол берілмейді.

5. Қорға қатысушылар Қордың қаражатындағы Қатысушының үлесі шегінде Қордың операциялары шеңберінде өздері қабылдаған міндеттемелер бойынша жауап береді.

2-бап

Қордың құжаттары

Қордың шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет:

- қолданылатын халықаралық шарттармен;
- Қор құру туралы шартпен және осы Ережемен;
- Қор құру туралы шарттың 4-бабында және осы Ереженің 18-бабында айтылған Қордың қаражатын басқару туралы келісіммен (бұдан әрі - Қордың қаражатын басқару туралы келісім);
- Қор Кеңесінің шешімдерімен;

- Қордың қаражатына қолдану осы Ережеде, Қордың қаражатын басқару туралы келісімде немесе Қор Кеңесінің шешімінде көзделген ішкі құжаттармен және Қордың қаражатын Басқарушының шешімдерімен регламенттеледі.

3-бап

Қордың құрылтайшылары мен оған қатысушылар

1. Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Армения Республикасы Қор құру туралы шартқа сәйкес Қордың құрылтайшылары болып табылады.

2. Қордың құрылтайшылары Қор құру туралы шартта және осы Ережеде белгіленген тәртіппен ақшалай қаражат төлеуді және вексельдер беруді қоса алғанда, бастапқы жарнаны енгізу жөніндегі міндеттемелерді орындағаннан кейін оған қ а т ы с у ш ы л а р б о л а д ы .

3. Қордың мақсаттарын бөлісетін кез келген мүдделі мемлекет немесе халықаралық ұйым да Қорға қатысушы бола алады.

Мұндай мемлекет немесе халықаралық ұйым Қор құру туралы шартқа және осы Ереженің 2 және 18-баптарында айтылған Қордың қаражатын басқару туралы келісімге қосылғаннан және, ақшалай жарнаны төлеуді және егер көзделсе - осы Ереженің 7-бабының 4 - 6-тармақтарына сәйкес вексельдер беруді қоса алғанда, жарна төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындағаннан кейін Қор Кеңесінің шешімі негізінде Қорға қ а т ы с у ш ы б о л а д ы .

Қор құру туралы шартқа және Қордың қаражатын басқару туралы келісімге қосылу Қордың жаңа қатысушысының Қордың барлық қолданыстағы құжаттарын осындай қатысушы Қорға енгізген кез келген ресурстарға қолдануға келісімін білдіреді.

4-бап

Қор операцияларының басталуы

1. Қор Кеңесінің бірінші отырысының күні Қор операцияларының басталған күні б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қор қаражатын жұмсау мынадай үш шарт орындалғаннан кейін ғана жүзеге а с ы р ы л у ы м ү м к і н :

а) Қор құру туралы шарт және Қордың қаражатын басқару туралы к е л і с і м к ү ш і н е н г е н д е ;

б) осы Ереженің 3-бабының 2-тармағында көзделгендей кемінде 3 (үш) құрылтайшы мемлекет Қорға қатысушылар болғанда;

в) Қорға енгізілген ақшалай қаражаттың жалпы сомасы Қор құру туралы шартқа сәйкес бастапқы жарналар түрінде құрылтайшы мемлекеттер Қорға жарнаға тиесілі ақшалай қаражаттың жалпы сомасының кемінде жартысын құраса.

5-бап

Қордың тілі

Орыс тілі Қордың жұмыс істеу және ресми тілі болып табылады.

II бөлім

Қор қаражатын қалыптастыру және пайдалану

6-бап

Қордың қаражаты

Мыналар Қордың қаражаты болып табылады:

- а) Қорға жарналар;
- б) Қордың уақытша пайдаланылмайтын қаражатын орналастырудан (инвестициялаудан) түсетін түсімдер;
- в) қайтарымды негізде Қордың қаражатын беруден түсетін түсімдер;
- г) Қорға қайырмалдықтар;
- д) Қорға түсетін өзге де түсімдер.

7-бап

Қорға жарналар

1. Қор құрылтайшыларының бастапқы жарналары Ереженің осы бабының 4-6-тармақтарын ескере отырып, Қор құру туралы шартта көзделген тәртіпке сәйкес төленеді.

2. Қорға жаңа қатысушылардың жарналары осы Ереженің 3-бабының 3-тармағында көзделген рәсімдерді сақтай отырып, Қордың Кеңесі айқындаған мөлшерде және тәртіппен төленеді.

Қор Кеңесінің шешімінде АҚШ долларының баламасындағы жарна сомасы, жарна төлеу тәртібі, жарна төлеу кестесі, жарна төленетін валюта, сондай-ақ қажет болған кезде жарна енгізудің басқа шарттары көрсетіледі.

Егер бұл соманы Қордың Кеңесі өзгертпесе, Қорға жарнаның ең төменгі бастапқы сомасы 1000000 (бір миллион) АҚШ долларын құрауы тиіс, оның кемінде 100000 (бір жүз мың) АҚШ доллары Қорға ақша қаражаты түрінде енгізілуі тиіс.

3. Қорға кез келген қатысушы кез келген уақытта Қордың Кеңесіне Қорға өз жарнасының сомасын арттыру туралы ұсыныс енгізе алады. Мұндай арттыру оны Қордың Кеңесі мақұлдағаннан кейін ақша қаражатын Қор Кеңесі мақұлдаған мөлшерде және тәртіппен Қорға аудару жолымен жүргізіледі.

Қордың барлық қолданыстағы Құжаттары осындай қосымша жарналарға қолданылады.

4. Қорға жарналар ақшалай нысанда және талап ету бойынша номиналмен өтеуге жататын айналысқа түспейтін және процентсіз вексельдермен төленеді. Осындай талаптар Қор Кеңесінің шешімі бойынша қажеттілігіне қарай қойылады.

5. Қорға әрбір жарна АҚШ долларымен номинатталады және Қордың қаражатын басқару туралы келісімге сәйкес айқындалатын бағам бойынша АҚШ долларымен және / немесе еуромен төленеді.

6. Қорға бастапқы жарналар Қордың құрылтайшылары және оған қатысушылар өздерінің орталық (ұлттық) банктерінде ашқан шоттарға оларды есепке алу жолымен төленеді.

7. Қорға жарналар егер Қордың Кеңесі өзгеше шешім қабылдаса, Қордың қаражатын алушының оларды жұмсауының қандай-да бір бағытымен немесе Қордың жобасымен байланысты бола алмайды.

8-бап

Қордың қаражатын пайдаланудан түсетін түсімдер

Қордың қаражатын пайдаланудан түсетін түсімдер, оның ішінде Қордың қаражатын орналастырудан (инвестициялаудан) және беруден түсетін түсімдер Қордың қаражатына есептеледі және осы Ереженің 1-бабының 3-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қорға қатысушыларға төленбейді.

9-бап

Қорға қайырмалдықтар

1. Қор Кеңесінің шешімі бойынша оларды Қор мақсатында пайдалану үшін кез келген мүдделі мемлекеттен, халықаралық немесе өзге ұйымнан еркін айырбасталатын валютада қайтарымды және қайтарымсыз негізде ақшалай қаражат (қайырмалдықтар) қабылдануы мүмкін.

2. Қорға қайырмалдық түрінде ақшалай қаражат салу Қордың Құжаттарына сәйкес қайырмалдық берушінің көрсетілген қаражатты пайдалануға келісімін білдіреді.

3. Қайырмалдық беруші Қорға қатысушы болмайды және Қордың қаражатын басқаруға қатыспайды. Қайырмалдық берушінің өтініші бойынша оған Қордың қызметі туралы жылдық есептердің көшірмелері жіберіледі.

4. Қорға қайырмалдық ретінде салынған қаражат және көрсетілген қаражатты орналастырудан (инвестициялаудан) және беруден алынған кірістер Қор операциялары тоқтатылғанға дейін Қорға қатысушылардың құрамынан өзінің шығатыны туралы мәлімдеген Қор қатысушысының үлесін айқындау кезінде ескерілмейді.

10-бап

Қор қаражатын беру

1. Қордың қаражаты Қор құру туралы шарттың 2-бабында анықталған мынадай бағыттар бойынша Қор қаражатынан қаржыландыру ұсыну жолымен пайдаланылады.

2. Қор қаражатынан қаржыландыруды ұсыну Қорға қатысушы мемлекеттердің аумақтарында Қор құру туралы шартта айқындалған Қорды құру мақсаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Қор қаражатынан қаржыландыру ұсыну Қор Кеңесінің шешімі бойынша ғана жүзеге асырылады. Қор Кеңесінің шешімінде қаражатты алушы, ұсынылатын сома, беру мақсаттары, қаражатты беру және қаражатты алушының қайтару тәртібі мен шарттары, қаражатты беру және қайтару валютасы, қаражатты берудің Қордың Кеңесі елеулі деп есептейтін басқа да шарттары көрсетілуі тиіс.

4. Қордың қаражаты АҚШ долларымен және/немесе еуромен беріледі.

5. Қордың қаражаты келісімдер (бұдан әрі - Қор қаражатын беру туралы келісімдер) негізінде беріледі, оларды Қор Кеңесінің шешіміне сәйкес Қор қаражатын басқарушы Қор қаражатын алушымен жасайды.

Қор қаражатын беру туралы келісімдердің шарттары өзгелермен қатар:

а) халықаралық құқыққа және алушының ұлттық заңнамасына сәйкес алушының Қордың қаражатын пайдалануға қатысы бар құқыққа қарсы іс-әрекеттердің алдын алу және болдырмау туралы міндеттемелерін көздеуі тиіс. Көрсетілген талапты бұзу Қор Кеңесінің қаржыландыруды тоқтату, Қор қаражатын беру туралы келісімді бұзу туралы шешім қабылдауы, көрсетілген жағдайға қатысы бар қаражатты мерзімінен бұрын қайтару туралы талаптар қою үшін негіз болып табылуы мүмкін;

б) Қор операцияларына, Қор қаражатын беру туралы келісімдер бойынша төлемдерді жүзеге асыруға және Қор қаражатын беру туралы келісімдерден туындайтын басқа заңды талаптарды қанағаттандыруға кедергі келтірмес үшін Қор қаражатын алушыларды ұлттық заңнамасымен қорғануы;

в) мемлекетаралық инвестициялық жобаларды қаржыландыру кезінде қолданылуы Қордың қаражатын басқару туралы келісімде көзделген рәсімдерге сәйкес алушының Қордың қаражаты есебінен тауарларды, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді сатып алуды жүзеге асыру міндеттемесін көздеуі тиіс.

6. Қор Кеңесінің Қор қаражатын беру жөніндегі шешімдері Қордың шеңберінен тыс Қорға қатысушылардың өз арасында және халықаралық қаржы ұйымдары арасында жүзеге асырылатын екі жақты қаржылай көмек бағдарламаларымен үйлестіріледі.

7. Қордың қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобалар алушы мемлекеттің немесе аумағында Қордың қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобаны жүзеге асыру ұйғарылатын мемлекеттің келісімімен ғана жүзеге асырылады.

Мұндай келісім тиісті операцияны мақұлдау туралы мәселе бойынша Қордың

Кеңесінде осындай мемлекеттің өкілі оң дауыс берген жағдайда берілген болып е с е п т е л е д і .

8. Қордың қаражаты мемлекеттер, халықаралық қаржы институттары және өзге мүдделі ұйымдар беретін қаржымен бірлесіп берілуі мүмкін.

9. Қордың қаражаты Қор қатысушыларының міндеттемелерін, Қор қаражатын Басқарушының міндеттемелерін және кез келген басқа міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етуге қызмет етпейді.

11-бап

Уақытша пайдаланылмайтын Қор қаражатын орналастыру (инвестициялау)

1. Жақын уақытта осы Ереженің 10-бабына сәйкес қаржыландыруды беру мақсаттарына пайдалану үшін талап етілмейтін Қор қаражаты депозиттерге инвестициялануы және/немесе орналастырылуы мүмкін.

2. Депозиттерге мұндай инвестициялау және/немесе орналастыру осы Ереженің 13-бабының 2-тармағының м) тармақшасында айтылған Қор Кеңесінің шешімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

III бөлім

Қор қаражатын басқару

12-бап

Қор қаражатын басқарудың жалпы принциптері

1. Қор қаражатын басқаруды Қорға қатысушылар Қордың Кеңесі арқылы жүзеге а с ы р а д ы .

2. Қордың Кеңесі Қорға жарналар тартуды, сондай-ақ қалай да оның мақсаттары мен міндеттеріне зиян келтіруі, оларды шектеуі, олардан ауытқуға әкеп соқтыруы немесе оларды өзгеше тәсілмен өзгертуі мүмкін қандай да бір өзге көмек немесе жәрдем а л у д ы с а н к ц и я л а м а й д ы .

3. Шешімдер қабылдау кезінде Қор Кеңесі Қордың мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған ой-пікірлерді ғана басшылыққа алады.

13-бап

Қор Кеңесі

1. Қор Кеңесі Қор қаражатын тартудың, орналастыру (инвестициялау) мен пайдаланудың барлық мәселелері және Қорға байланысты кез келген басқа мәселелер

бойынша Қорға қатысушылардың мүдделерін білдіреді.

2. Көрсетілген функцияларды орындау үшін Қор Кеңесі:

а) Қорға жаңа қатысушылардың қабылдануын санкциялайды;

б) Қорға қосымша жарналар енгізуді санкциялайды;

в) жаңа қатысушылардың жарналар, Қорға қосымша жарналар мен қайырмалдықтар енгізу шарттары мен тәртібін мақұлдайды;

г) Қорға жарналар енгізуді, вексельдерді өтеуге және олар бойынша төлемдерді жүзеге асыруға қадағалауды жүзеге асырады;

д) Қор Шоттарын ашу үшін банктердің тізбесін бекітеді;

е) Қордың қаражаты есебінен қаржыландырылатын қызмет бағдарламаларын және олардың орындалуы туралы жыл сайынғы есептерді бекітеді;

ж) қаржыландыру берудің негізгі шарттарын бекіте отырып, Қор қаражатын беру туралы шешімдер қабылдайды;

з) Қор қаражатын басқарушының Қор қаражатын басқаруға арналған әкімшілік шығыстарының сметасын және оның орындалуы туралы есептерді жыл сайын бекітеді;

и) Қор қаражатын әкімшілік басқаруды және оған иелік етуді қадағалауды жүзеге асырады;

к) Қор қаражатын беру және уақытша пайдаланылмайтын Қор қаражатын орналастыру (инвестициялау) жөніндегі қызметті қоса алғанда, Қор қаражатын пайдалану жөніндегі қызметті қадағалауды жүзеге асырады;

л) Қор қаражаты есебінен қаржыландырылатын операциялардың тиімділігі туралы есептерді қарайды;

м) мыналарды:

- Қор қаражатынан тұрақтандыру кредиттерін және егемен қарыздарды беру тәртібін;

- мемлекетаралық инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін Қор қаражатын беру тәртібін;

- Қордың уақытша пайдаланылмайтын қаражатын орналастыру (инвестициялау) тәртібін (Инвестициялық декларация);

- әлеуметтік салалардағы мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыру үшін Қор қаражатынан гранттар беру тәртібін қарайды және қабылдайды;

н) Қор қаражатын беру туралы келісімдердің негізінде жүзеге асырылатын, осындай келісімдердің шарттарына сәйкес, қаржыландыруды тоқтата тұру және тоқтату туралы шешімдер қабылдайды;

о) Қор қаражатын әкімшілік басқару және оған иелік ету жөніндегі қызмет туралы жылдық есептерді, аудиторлық қорытындыларды және Қордың шеңберіндегі қызмет туралы басқа да есептерді қарайды және бекітеді;

п) қатысушы Қордан шыққан жағдайда оны қайтару мақсатында Қорға қатысушысының Қор қаражатындағы үлесін айқындайды;

р) оның операциялары тоқтатылғаннан кейін оларды қайтару мақсатында Қорға қатысушылар арасында Қор қаражатын бөлу мерзімі мен шарттарын айқындауды қоса алғанда, Қор операцияларын тоқтату және тоқтатуға бастамашылық жасау туралы ш е ш і м д е р қ а б ы л д а й д ы ;

с) Қор операцияларын тоқтату рәсімдерін айқындайды;

т) осы Ереженің 23-бабының 1-тармағында айтылған дауларды шешеді;

у) құрылтайшы мемлекеттерге Қор құру туралы шартқа, осы Ережеге және Қор қаражатын басқару туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар береді;

ф) Қорға қатысушыларға Қор қаражатын Басқарушыны ауыстыру туралы ұ с ы н ы с т а р б е р е д і ;

х) Қор қаражатын басқарудың кез келген басқа мәселелерін шешеді.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 06.04.2015 № 1032 Жарлығымен.

14-бап

Қор Кеңесінің жұмыс регламенті

1. Әрбір Қорға қатысушының Қор Кеңесінде таныстырылу және оның отырыстарына қатысу құқығы бар. Қор Кеңесінің құрамына Қордың әрбір қатысушысынан бір өкілетті өкіл кіреді.

2. Қор Кеңесінде қатысушы мемлекеттің қаржы министрі осындай қатысушы мемлекеттің өкілетті өкілі болып табылады. Қорға қатысушы халықаралық ұйымдар Қор отырыстарына қатысу үшін өздерінің өкілетті өкілдерін жібереді.

3. Егер Қорға бірнеше қатысушы оған өз келісімін берсе және бұл туралы Қор Кеңесін және Қор қаражатын басқарушыны алдын ала хабардар етсе, Қор Кеңесінде осындай қатысушыларды бір тұлға бір уақытта білдіре алады.

4. Қорға қатысушының Қор Кеңесіндегі әрбір өкіліне дауыс беру кезінде оның Қорға ақшалай жарнасының мөлшеріне тепе-тең дауыс саны беріледі. Қор Кеңесінде Қорға қатысушының дауыс санын есептеу үшін жарна мөлшерін айқындау кезінде төленбеген вексельдер назарға алынбайды. Қор Кеңесінде дауыс беру мақсаттары үшін бір дауыс ақшалай жарна түрінде Қорға төленген әрбір 100000 (бір жүз мың) АҚШ долларына барабар. Қор Кеңесінің барлық шешімдері берілген дауыстардың қарапайым кө п ш і л і г і м е н қ а б ы л д а н а д ы .

5. Қор Кеңесінің отырыстарында Қор қаражатын Басқарушының өкілдері, сондай-ақ Қор Кеңесінде Қорға қатысушылардың өкілдерімен ілесіп жүретін сарапшылар қатыса а л а д ы .

6. Қор Кеңесі төрағасының шақыруымен күн тәртібінің нақты тармақтарын қарау кезінде мемлекеттердің, халықаралық және өзге ұйымдардың өкілдері Қор Кеңесінің отырыстарына бақылаушылар ретінде қатыса алады.

7. Қордың Кеңесіндегі өз міндеттемелерін орындағаны үшін Қордың Кеңесіндегі Қорға қатысушылардың өкілдері және олардың сарапшылары Қордың қаражатынан қандай да болмасын сыйақы алмайды. Қорға қатысушылар олардың өкілдерінің Қор Кеңесінің отырыстарына қатысуына байланысты шығыстарды өздері төлейді.

8. Қордың кеңесі өз отырыстарын қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет ө т к і з е д і .

9. Қор Кеңесінің кезектен тыс отырыстарын Қор Кеңесінің төрағасы Қор Кеңесінің шешімі бойынша, Қор Кеңесі төрағасының жеке бастамасы бойынша, сондай-ақ Қордың қаражатын басқарушының немесе үлесіне осындай өтініш жасалған күнгі жағдай бойынша Ереженің осы бабының 4-тармағына сәйкес айқындалатын Қорға енгізілетін барлық жарналардың жиынтық сомасының кемінде үштен бір бөлігі тиесілі Қорға қатысушының (-лардың) өтініші бойынша шақырылады.

10. Қор Кеңесінің отырысы Ереженің осы бабының 4-тармағына сәйкес айқындалатын Қорға енгізілетін барлық жарналардың жалпы сомасының кемінде тоқсан процентіне ие Қорға қатысушылардың өкілдері қатысқан жағдайда ғана заңды б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қор Кеңесінің кворум жоқ кез келген отырысы Қорға қатысушылар өкілдерінің отырысына қатысушылардың басым көпшілігінің шешімімен ең көбі 2 (екі) күн мерзімге кейінге қалдырыла алады. Осындай кейінге қалдырылған отырыс туралы х а б а р л а м а ж і б е р і л м е й д і .

11. Қор Кеңесі отырыста уақытша үзіліс жариялап, үзілістен кейін өз жұмысын ж а л ғ а с т ы р а а л а д ы .

12. Қор Кеңесінің отырыстарын өткізу орны мен мерзімін Қор Кеңесі, немесе кезектен тыс отырыстар өткізілген не Қор Кеңесінің тиісті шешімі болмаған кезде Қор Кеңесінің Т ө р а ғ а с ы а й қ ы н д а й д ы .

13. Қор Кеңесінде Қорға қатысушылардың өкілдері Қор Кеңесінің әрбір отырысының өткізілу күні, уақыты, орны және күн тәртібі туралы хабарландырылуы т и і с .

Осындай хабарламаларды, егер Қор Кеңесі өзге шешім қабылдаса, кез келген кезекті отырыс басталған күнге дейін 45 (қырық бес) күннен кешіктірмей және кезектен тыс отырыс басталған күнге дейін 30 (отыз) күн бұрын Қор Кеңесінің Төрағасы немесе оның тапсырмасы бойынша Қор Кеңесінің хатшылығы жібереді. Төтенше жағдайлар болған жағдайда, осындай хабарламалар отырыс басталған күнге дейін 10 (он) күн бұрын жіберілуі мүмкін.

14. Қор Кеңесінің кез келген отырысының күн тәртібі туралы хабарламалар жолдағаннан кейін Қорға кез келген қатысушының немесе Қордың қаражатын басқарушының өтініші бойынша оған қосымша мәселелер енгізілуі мүмкін.

Осындай қосымша мәселелерді күн тәртібіне енгізу туралы өтініштер, егер Қор Кеңесінің төрағасымен неғұрлым кеш мерзім келісілмеген болса, тиісті отырыс

басталғанға дейін 15 (он бес) күннен кешіктірмей Қор Кеңесі хатшылығының хабарламасымен бірге, Қор Кеңесінің Төрағасына жіберілуге тиіс.

15. Қор Кеңесі кез келген өз отырысының барысында күн тәртібін өзгерте, толықтыра немесе оның тармақтарын алып тастай алады.

16. Қор Кеңесінің Қор Кеңесіндегі Қорға қатысушының кез келген өкілінің өтінішіне негізделген Қор Кеңесі Төрағасының немесе Қордың қаражатын басқарушының шешімі бойынша Қордың Кеңесінде Қорға қатысушылардың өкілдеріне жазбаша сырттай сұрау салу жолымен дауыс беру (сырттай дауыс беру) жүргізуге құқығы бар. Осындай шешімдер Қор Кеңесінің сырттай дауыс беру хаттамасымен ресімделеді, ол Қордың Кеңесіндегі Қорға қатысушылардың өкілдеріне жіберіледі.

Сырттай дауыс беру айрықша жағдайларда, нақты мәселе бойынша шешім қабылдау Қор Кеңесінің келесі кезекті отырысына дейін кейінге қалдыру мүмкін болмағанда жүргізіледі және Қор Кеңесінің кезектен тыс отырысын шақыру үшін негіз б о л а а л м а й д ы .

Осындай жағдайда, Қордың Кеңесіндегі Қорға қатысушының әрбір өкілінің атына осы мәселе бойынша дауыс беру өтінішімен осы мәселеге қатысты ұсыныс жіберіледі. Дауыс беру туралы осындай өтінішке жауаптар сұрау салуда белгіленген мерзімде жіберілуге тиіс. Жауап беру мерзімі дауыс беру туралы ұсыныс алынған күннен бастап 30 (отыз) күннен кем күнге белгілене алмайды.

Жауап беру мерзімі аяқталғаннан кейін Қордың Кеңесіндегі Қорға қатысушылардың өкілдері сырттай дауыс беру нәтижелері туралы хабардар етіліп, бұл нәтижелер хаттамаға енгізіледі.

17. Қор Кеңесінің отырыстары мен сырттай дауыс беру хаттамаларына Қор Кеңесінің Төрағасы қол қояды. Қол қойылған хаттамалардың көшірмелері Қор Кеңесіндегі Қорға қатысушының әрбір өкіліне жіберіледі.

18. Қор Кеңесінің шешімі Қордың Сараптамалық кеңесі қорытындыларының негізінде және олар ескеріле отырып, қабылданады. Қордың Сараптамалық кеңесі дайындаған Қор Кеңесінің алдағы отырысының күн тәртібі мен сырттай дауыс беру мәселелері бойынша қорытындылар Ереженің осы бабының 13-тармағына сәйкес айқындалатын мерзімде Қор Кеңесіндегі Қорға қатысушылардың барлық өкілдеріне ж і б е р і л е д і .

19. Қор Кеңесі өзінің қызметін қамтамасыз ету үшін көмекші органдар құра алады, олар Қордың қаражатын басқару органдары болып табылмайды.

20. Қор Кеңесі өз қызметінің осы Ережеде айқындалған регламентін өзгерте және толықтыра алады.

15-бап

Қор Кеңесінің төрағасы

1. Қор Кеңесінің Төрағасы Қор Кеңесіндегі Қорға қатысушының өкілі болып табылады, оның үлесіне осы Ереженің 14-бабының 4-тармағына сәйкес айқындалатын Қор Кеңесіндегі дауыстардың неғұрлым көп саны тиесілі болады.

Қор Кеңесінің бірінші Төрағасы Қор Кеңесіндегі Қор құрылтайшысының өкілі болып табылады, оның үлесіне Қор құру туралы шартқа сәйкес Қорға енгізілетін неғұрлым көп жарна сомасы тиесілі болады.

2. Қор Кеңесінің Төрағасы:

а) Қор Кеңесі отырыстарының күн тәртібін келіседі;
б) осы Ереженің 14-бабының 12-тармағына сәйкес Қор Кеңесінің отырыстарын өткізу орны мен мерзімін айқындайды;

в) осы Ереженің 14-бабының 16-тармағына сәйкес Қор Кеңесінің сырттай дауыс беруін өткізу туралы шешім қабылдайды;

г) Қор Кеңесінің отырыстарын немесе сырттай дауыс беруін өткізу туралы хабарлама жібереді немесе Қор Кеңесінің хатшылығына тиісті тапсырмалар береді;

д) осы Ереженің 16-бабының 2-тармағында белгіленген тәртіпке сәйкес Қордың Сараптамалық кеңесінің құрамын бекітеді;

е) осы Ереженің 16-бабына сәйкес алдын ала сараптама жүргізу үшін Қордың Сараптамалық кеңесіне Қор Кеңесінің қарауына шығарылатын құжаттар мен материалдарды жібереді, Қордың Сараптамалық кеңесімен өзара іс-қимылды жүзеге асырады және оған көрсетілген мәселелер бойынша міндетті түрде орындауы үшін тапсырмалар береді;

ж) Қор Кеңесінің отырысын жүргізеді;

з) Қор Кеңесі отырысының және сырттай дауыс беруінің хаттамаларына қол қояды;

и) Қор кеңесінің отырыстарын өткізуді қамтамасыз ету мәселелері бойынша Қор Кеңесінің хатшылығымен өзара іс-қимыл жасайды, оның ішінде Қор Кеңесінің хатшылығына міндетті түрде орындауы үшін тапсырмалар береді;

к) қажеттілігіне қарай халықаралық және өзге де ұйымдар мемлекеттерінің өкілдеріне Қор Кеңесінің отырыстарында қадағалаушы ретінде қатысуға шақыру жібереді;

л) Қор Кеңесі Төрағасының функцияларын орындау шеңберінде өзге де мәселелерді шешеді.

3. Қор Кеңесіндегі Қор Кеңесі Төрағасының дауыстар саны осы Ереженің 14-бабының 4-тармағында белгіленген Қор Кеңесіндегі Қорға қатысушылар өкілдерінің дауыс санын айқындаудың жалпы тәртібіне сәйкес айқындалады.

16-бап

Қордың Сараптамалық кеңесі

1. Қордың Сараптамалық кеңесі Қор Кеңесінің қарауына шығарылатын барлық мәселелердің, құжаттардың және материалдардың алдын ала сараптамасын жүзеге асырады және Қор Кеңесі үшін көрсетілген мәселелер, құжаттар және материалдар бойынша ұсынымдармен және шешімдердің жобаларымен бірге сараптамалық қорытындылар дайындайды.

2. Қордың Сараптамалық Кеңесінің құрамы Қор Кеңесіндегі Қорға қатысушылардың өкілдерінен қалыптастырылады, олардың әрқайсысы Қордың Сараптамалық кеңесіне бір-бір сарапшыдан тағайындайды және оларды Қор Кеңесінің Төрағасы бекітеді.

3. Қордың Сараптамалық кеңесінің шешімі Қор Кеңесінде қабылданған шарттарға ұқсас дауыс беру жолымен қабылданады.

4. Қордың Сараптамалық кеңесінің қорытындылары кейіннен Қордың Кеңесіндегі Қорға қатысушылардың өкілдеріне жіберу үшін Қор Кеңесінің Төрағасына жіберіледі.

Егер сараптама жүргізу қорытындылары бойынша Қордың Сараптамалық кеңесі тиісті мәселе, құжат немесе материал Қор Кеңесінің қарап, шешім шығаруы үшін дайын емес деп шешсе, осындай мәселе, құжат немесе материал Қор Кеңесінің қарауына Қор Кеңесі Төрағасының жекелеген шешімінің негізінде ғана шығарылуы мүмкін.

5. Қордың Сараптамалық кеңесі Қор Кеңесі бекіткен регламенттің негізінде әрекет етеді.

17-бап

Қордың Хатшылығы

1. Қордың Хатшылығы Қор Кеңесінің жұмысын қамтамасыз етеді және Қор Кеңесінің отырыстарын дайындауға және өткізуге жауап береді, оның ішінде:

а) Қор Кеңесінің Төрағасымен келісім бойынша Қор Кеңесінің әрбір отырысы үшін күн тәртібінің жобасын дайындайды;

б) Қор туралы ережеде көзделген тәртіппен және мерзімде Қор Кеңесінің отырыстарын өткізу туралы хабарлама дайындайды және жібереді;

в) осы Ережеде көзделген тәртіппен және мерзімде Қор Кеңесінің сырттай дауыс беруін жүргізу туралы хабарлама дайындайды және жібереді;

г) осы Ережеде көзделген жағдайда және тәртіппен Қор Кеңесіндегі Қорға қатысушылардың өкілдерін Қор Кеңесінің отырысы күн тәртібінің қосымша мәселелері туралы дереу хабардар етеді;

д) Қор Кеңесі отырысы хатшысының функциясын орындайтын лауазымды тұлғаны тағайындайды;

е) есепті деректердің негізінде Қор Кеңесіндегі Қорға қатысушылардың өкілдерін алдағы отырыста дауыс беру үшін оларда бар дауыстардың саны туралы хабардар етеді.

;

ж) Қор Кеңесі отырыстарының және сырттай дауыс беру хаттамаларын жүргізеді, Қор Кеңесінің Төрағасы қол қойған хаттамаларды Қор Кеңесіндегі Қор қатысушылары өкілдеріне жібереді;

з) Қор Кеңесіндегі Қорға қатысушылардың өкілдерін Қор туралы ережеге сәйкес Қорға қатысушылардың құрамынан шығу туралы хабарламалар түскендігі туралы хабардар етеді;

и) Қор Кеңесінің отырыстарын өткізуді қамтамасыз ету үшін қажетті басқа да функцияларды орындайды.

2. Қор Еуразия даму банкі шеңберінде құрылады.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 06.04.2015 № 1032 Жарлығымен.

18-бап

Қордың қаражатын басқарушы

1. Қордың қаражатын әкімшілік басқаруды және оған билік етуді Қордың қаражатын басқару туралы келісімнің негізінде Қорға қатысушылардың атынан және тапсырмасы бойынша Қордың қаражатын басқарушы жүзеге асырады.

2. Қордың қаражатын басқарушыны алмастыруды Қор Кеңесі ұсынысының негізінде Қорға қатысушылар жүзеге асыра алады.

19-бап

Қордың қаражатын есепке алу және аудит

1. Қор қаражатына қатысты оқшауландырылған есепке алу мен есептілік жүргізіледі.

Осы мақсаттар үшін дәйекті қолданылатын және тиісті түрде Қордың қаражаты есебінен қаржыландырылатын қызметке байланысты қызметті, ресурстарды және шығыстарды көрсететін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес есептік құжаттаманы және бухгалтерлік шоттарды жүргізуді және қаржылық есептілік жасауды жүргізуді қамтитын Қор қаражатын қаржылық басқару жүйесі қолданылады.

2. Есепке алудың жүргізілуін тексеру және Қордың қаражатымен жүзеге асырылатын операциялар бойынша қаржылық есептіліктің дұрыстығын растау үшін тәуелсіз сыртқы аудитті жыл сайын жүргізу қамтамасыз етіледі. Сыртқы аудит есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші тоқсанының соңына дейін жүргізіледі.

Жылдық есеп пен аудиторлық қорытындыларды Қор Кеңесі қарайды. Жылдық есеп айқындылық принципіне негізделіп жарияланады.

3. Қордың қаражатымен жасалатын операциялар Қор Кеңесі бекіткен банктерде ашылған Қордың шоттары (бұдан әрі - Қордың шоттары) арқылы жүзеге асырылады.

4. Қордың шоттары АҚШ долларымен немесе еуромен жүргізіледі.

5. Қордың барлық қаражаты олар Қорға түскен кезде дереу Қордың Шотына есептеледі.

6. Қорға АҚШ долларынан немесе еуродан басқа валютамен жүргізілген барлық төлемдер Қордың қаражатын басқару туралы келісімге сәйкес айқындалатын бағам бойынша АҚШ долларына немесе еуроға айырбасталады және Қордың Шоттарына есепке алынады.

7. Қордың қаржы жылы күнтізбелік жыл болып табылады.

IV Бөлім

Қорға қатысушылардың құрамынан шығу, Қордың операцияларын тоқтата тұру және тоқтату, дауларды шешу

20-бап

Қорға қатысушылардың құрамынан шығу

1. Қорға кез келген қатысушының өзінің ниеті туралы Қор Кеңесіне жазбаша хабарлай отырып, Қорға қатысушылардың құрамынан шығуға құқығы бар. Осындай жазбаша хабарлама Қор қаражатын басқарушының мекен-жайына Қор Кеңесі Төрағасының атына жіберіледі және дереу Қор Кеңесі мүшелерінің назарына жеткізіледі.

2. Қорға қатысушылардың құрамынан шығу туралы көрсетілген хабарламаны алған күннен бастап:

а) Қорға осы қатысушыға берілген барлық құқықтар, Қорға қатысушылардың құрамынан шығу құқығынан басқасы, Қордың Құжаттарына сәйкес тоқтатыла тұрады;

б) Қорға осы қатысушының, Қордағы оның үлесінің мөлшерін анықтау мәселелері жөніндегі шешімдерді қоспағанда, Қордың Кеңесі қандай да болмасын шешімдерді қабылдаған кезде дауыс беруге құқығы жоқ. Бұл ретте оған қайтарымды негізде берілген Қор қаражатының қандай да бір бөлігі төленіп болғанға дейін осындай қатысушымен жасалған Қордың қаражатын беру туралы келісімдер бойынша барлық міндеттемелер онда сақталады;

в) Қорға осы қатысушы Қордың операцияларына өзінің қатысуын тоқтату ниеті туралы хабарлама алғаннан кейін жасалған Қордың қаражатымен жасалатын мәмілелер бойынша міндеттемелер жүктелмейді.

3. Қатысушының Қорға қатысушылардың құрамынан шығуы туралы хабарламасын алған күннен бастап бір жылдың ішінде осындай қатысушымен Қордың қаражатындағы осы қатысушының үлесін төлеу мерзімі мен тәртібі туралы келісім жасалады. Осындай Келісім Қор Кеңесінің шешімі негізінде жасалады.

Осындай қатысушының Қордың қаражатындағы үлесі осындай қатысушының іс жүзінде төленген жарнасының мөлшері және оны енгізу мерзімі ескеріліп және осы Ереженің 9-бабының 4-тармағы ескеріліп, Қордың Кеңесі қабылдаған тәртіпке сәйкес а й қ ы н д а л а д ы .

4. Қорға қатысушылардың құрамынан шығуы туралы хабарлама алған күннен бастап бір жыл өткенге дейін не үлесін төлеу мерзімі мен тәртібі туралы келісім жасасқан күнге дейін (көрсетілген күннің қайсысы ертерек басталуына қарай) осы қатысушы Қордың кеңесіне Ереженің осы бабының 1-тармағында белгіленген тәртіппен көрсетілген хабарламаның күші жойылғаны туралы жазбаша хабарлай алады.

5. Қордың Кеңесіне Қорға қатысушылардың құрамынан шығуы туралы хабарлама жіберген Қорға қатысушы өз үлесін төлеу мерзімі және тәртібі туралы келісім жасасқан күннен бастап, бірақ Қорға қатысушылардың құрамынан шығуы туралы оның жазбаша хабарламасын алған күннен бастап бір жылдан кешіктірмей Қордың операцияларына өзінің қатысуын тоқтатады.

21-бап

Қордың операцияларын уақытша тоқтата тұру

Төтенше жағдайда Қор Кеңесі Қордың қаражатын беру туралы жаңа келісімдер жасауды және Қор Кеңесі қалыптасқан жағдайда қарап, қажетті шаралар қабылдағанға дейін Қордың қаражатымен басқа да мәмілелер жасасуды тоқтата тұруға шешім қабылдай алады.

22-бап

Қордың операцияларын тоқтату

1. Қордың операцияларын тоқтатуға бастамашылық жасау туралы шешімді Қор Кеңесі қабылдайды. Қордың операцияларын тоқтату туралы шешімді Қор Кеңесінің ұсынысы бойынша Қорға қатысушылар қабылдайды.

2. Қор Кеңесі Қордың операцияларын тоқтатуға бастамашылық жасау туралы шешім қабылдаған кезде Қордың қаражатымен жасалатын барлық операциялар, Қордың қаражатын қорғау және сақтау, Қордың қаражатын беру туралы қолданыстағы келісімдер бойынша төлемдерді жинақтау және Қордың Кеңесі тиісті шешім қабылдағанға дейін туындаған Қордың қаражаты есебінен төлеуге жататын міндеттемелерді реттеу жөніндегі қызметті қоспағанда, дереу тоқтатылады.

3. Міндеттемелерді түпкілікті реттегенге және Қордың қаражатын бөлгенге дейін Қорға қатысушылардың Қордың операцияларына байланысты барлық құқықтары мен міндеттемелері толық көлемде күшін сақтайды.

4. Қорға қатысушылардың арасында Қордың қаражатын бөлу Қор Кеңесі

қабылдаған тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады. Үлестерді бөлу мүмкіндігінше тиісті жарналар жасалған валютада Қордың Кеңесі негізді және адал деп есептеген уақытта, валютада және сомада жүргізіледі.

5. Қордың қаражатын бөлу Қордың барлық міндеттемелері (Қордың қаражатын басқарушыға тиесілі төлемдерді қоса алғанда) орындалғаннан немесе ескерілгеннен кейін ғана жүргізіледі. Қордың қаражатын Қордың қаражатын бөлу тәртібімен Қорға қатысушыға кез келген беру Қордың осындай қатысушының жарнасына қатысты оған қойылатын барлық реттелмеген талаптарды алдын ала реттеу арқылы жүргізіледі.

23-бап

Қордың операциялары барысында туындайтын дауларды шешу тәртібі

1. Қордың операциялары барысында туындайтын дауларды тараптар мүмкіндігінше келіссөздер мен консультациялар жолымен шешеді.

2. Егер осындай даулар келіссөздер мен консультациялар жолымен шешілмеген жағдайда, олар туындаған сәттен бастап кемінде 6 (алты) ай ішінде кез келген дау туындаған тараптан Қордың Кеңесіне шешуге беріледі.

3. Тараптардың кез келгені, біреуін - Қордың Кеңесі, екіншісін - Қор кеңесінің шешімін даулайтын Қорға тиісті қатысушы, ал үшіншісін тағайындалған төрешілердің келісімі бойынша не, егер төрешілер бірыңғай келісімге келмесе, өзінің Мәртебесіне сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымы халықаралық Сотының Төрағасы тағайындайтын үш төрешіден тұратын халық соттың қарауына дауды бере отырып, даулай алады. Төрешілер көпшілік дауыспен шешім қабылдайды және олар қабылдаған шешім дау тараптары үшін түпкілікті және міндетті болып табылады.